

Сарысу ауданындағы Жаңатас қаласы мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 46-12 Шешімі. Сарысу аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 25 қаңтарында 6-9-113 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 маусымда № 5-13 шешімімен

Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 маусымда № 5-13 шешімімен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1 тармағының 8) тармақшасына, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 3-бабының 2 тармағына және 300-бабына сәйкес аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Қоса беріліп отырған Сарысу ауданындағы Жаңатас қаласы мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау Ережесі **б е к і т і л с і н .**

2. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң **қ о л д а н ы с қ а** **е н г і з і л е д і .**

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Т. Блалиев

М. Есмаханов

Сарысу

аудандық

*Аудандық мәслихат
хатшысы*

2010

жылғы

24

мәслихатының

желтоқсандағы

№ 46-12 шешімімен бекітілген

Сарысу ауданындағы Жаңатас қаласы мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау Ережесі 1.Жалпы ережелер

1. Осы Сарысу ауданындағы Жаңатас қаласы мен елді мекендердің аумағын жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау ережесі (әрі қарай - Ереже) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 3-бабының 2-тармағына және 300-бабына сәйкес әзірленген және Сарысу ауданының елді мекендерінде жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау тәртібін белгілейді.

2. Осы Ереже меншік түріне қарамастан барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданады.

2. Сарысу ауданындағы Жаңатас қаласы мен елді мекендер бойынша жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау тәртібі

3. Сарысу ауданындағы Жаңатас қаласы мен елді мекендер аумағындағы әрбір мекеме, ұйым және кәсіпорындарға (келісімдері бойынша) жергілікті атқарушы органның шешімімен белгіленген жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

4. Жасыл желектерді ағымдағы күтіп ұстауы, сақталынуы мен жаңартуы аумақ тиесілі заңды және жеке тұлғаларға, иелеріне және жер пайдаланушыларға жүктелінеді:

1) тұрғын үйлер алдындағы құрылыстардан бастап жаяу жол сызығына дейін көшелерде, пәтер иелері, кооперативтері, тұрғын қорының иелері;

2) жалпы пайдалану объектілерінде (саябақтар, тынымбақтар, саяжолдар) және жаяу жол сызығына дейін көше бойынша аудандық бюджет есебінен шарттық негізде жұмысты орындайтын кәсіпорындар.

5. Құрылыстың аясына түсіп жатқан жасыл желектерді алып тастау және қайта салу, жер астындағы коммуникацияларды және инженерлік жүйелерді жіберу жасыл желектерді жаруына немесе жер астынан алуына рұқсат болған кезде ғана жол беріледі.

6. Жұмыс жүргізген кезде қажет:

1) жасыл желектерді бұзушылықтан қорғау;

2) жасыл желектерге күтім көрсету, соның ішінде:

қоқыстарды, құрғақ жапырақтарды жинау;

арамшөптерді жұлу, көгалдарды шабу, бұталарды қию;

жасыл желектерге, көгалдарға, гүлзарларға су құю;

ағаштардың жапырағын, құрғақ, сынған бұтақтарын кесу;

жасыл қордағы ағаштардың және бұтақтарды жөндеу, отырғызу;

жүйелі ауыл шарушылық зиян келтірушілермен және ауырулармен,

карантиндік арамшөптермен өз күшімен немесе өсімдіктерді қорғау станцияларымен шарт бойынша күрес жүргізу.

7. Жасыл желектер аумағында мыналарға жол берілмейді:

1) құрылыс материалдарын, топырақты, ағашты, көмірді және басқа да заттарды жинауға;

2) көгалдарды, гүлзарларды, шұңқырлады қоқыспен толтыруға;

3) көгалдар үстінде жүру, ағаштарды, бұтақтарды, сындыру мен кесу, басқа да механикалық бұзушылықтарды келтіруге;

4) қоршамдарды өз бетінше құруға, гүлдерді жұлға, көп жылдық гүлдердің түйнектерін және бадандарын қазуға;

5) көгалдарға және гүлзарларға автокөлікті қоюға;

6) жапырақтарды жағуға, көгалдарда көкөністерді өсіруге, ағаштарға сымдарды, әткеншектерді, жіптерді, жарнамаларды, және кестелерді орналастыруға, бау-бақша, саябақ құралдарын бұзуға;

7) көгалдар мен гүлзарларда цемент, бетон дайындауға;

8) тұрғын құрылыс аумағында, саябақтарда, саяжолдарда жапырақтарды жағуға.

3. Қорытынды ережелер

8. Осы Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленеді.